



## ИНФЛЯЦИЯ ҚАЙТСЕ ТЕЖЕЛЕДІ?

5-БЕТ | САРАПТАМА



## КӨПР АСТЫНДАҒЫ КЕҢІСТІКТЕР

8-БЕТ | ЕЛОРДА



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗАҚСТАН ОСЫДАН 2-3 ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ, ТІПТІ, БІР ЖЫЛ БҰРЫНҒЫ ҚАЛПЫНАН АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРДІ. БІЗ АЗ УАҚЫТТА ЗОР СЕРПІЛІС ЖАСАДЫҚ. БҰҒАН ЫНТЫМАҚ-БІРЛІКТИҢ ЖӘНЕ СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГТЫҢ АРҚАСЫНДА ҚОЛ ЖЕТКІЗДІК. ҚАЗАҚСТАН – ОСЫ ГЕОСАЯСИ АЙМАҚТА САЯСИ ЖҮЙЕСІН ҚЫСҚА МЕРЗІМ ІШІНДЕ ТҮБЕГЕЙЛІ ӨЗГЕРТКЕН БІРДЕН-БІР МЕМЛЕКЕТ. ТЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ АРҚАСЫНДА САЯСИ РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ҒАНА ТӘН ЕРЕКШЕ ҮЛГІСІ ҚАЛЫПТАСТЫ.

№86  
(4519)  
Сенбі  
22 шілде  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында жастарға қолдау көрсету мемлекеттің басты міндеттерінің бірі екенін айтты. Президент конкурстық негізде жас кәсіпкерлерге жеңілдетілген несие беру туралы тапсырма берген еді. Осы ретте Астанада 21 мен 35 жас аралығындағы жеке кәсіпкер ретінде тіркелген елордалық жастарға 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беріліп жатыр.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елордалық жастарға 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие беріліп жатыр. Қазіргі уақытта Астана қаласы бойынша 113 бизнес-жоба мақұлданды. Оның ішінде 64 жас кәсіпкерге 5 миллион теңге көлемінде қаражат берілді. Несиені алу үшін 21 мен 35 жас аралығындағы жастар жеке кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет. Жас кәсіпкерлер 2,5 пайызбен 5 миллион теңгеге дейін алады. Шағын несие бес жылға беріледі. Ал өтініштер «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ның Астанадағы филиалында қабылданады» деді Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы басшысының орынбасары Айгүл Таласова.

## ЖАС КӘСІПКЕРГЕ ҚОЛДАУ БЕРІЛЕДІ

### 24 500 АДАМ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК АЛАДЫ

Астана қаласында жыл басынан бері 2 809 отбасыға, яғни 13,8 мың адамға, оның ішінде 1 361 көпбалалы отбасына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды.

Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мәліметі бойынша елордада кедейлік шегінің мөлшері ағымдағы жылдың үшінші тоқсанында 37 317 теңгені құрады. Биыл Астанада АӘК жоспары 24 500 адамға 1 852,2 миллион теңгені құрайды.

Отбасының немесе жеке адамның әлеуметтік жағдайына байланысты көмек шартсыз және шартты негізде екі түрге бөлініп беріледі. Әлеуметтік келісім-шарттың және жеке көмек көрсету жоспарының нысандарын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

Сондай-ақ жыл басынан ақшалай төлем түрінде АӘК алушылар қатарынан 4 562 балаға (2 441 отбасы) 1,5 АЕК (5 175 теңге) мөлшерінде қолдау ретінде қосымша төлем белгілеу жолымен монетизация жүзеге асырылды. Бұл АӘК алатын отбасыларға азық-түлік жиынтықтарын өз бетінше сатып алуға мүмкіндік берді.

### БИЫЛ 10 МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Астанада жаңа оқу жылында 1-сыныпқа 27 мыңнан астам оқушы қабылданады деп күтілуде.



«Елордада жаңа оқу жылында өткен оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың жалпы саны 20278-ге көбейетін болып отыр. Бұл дегеніміз, 10 мектеп және 1200 педагог маманның қажеттілігін тудырады» деді Астана қаласы Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Нариман Еламанов 2023-2027 оқу жылына арналған мемлекеттік-білім беру тапсырғысы тақырыбында өткізілген брифингте.

Брифинг барысында биыл 15700 орынға арналған 10 мектеп ашылатыны айтылды. Сондай-ақ Президент тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 90 мыңдай оқушыға арналған 24 заманауи мектепті жобалау басталды. Жалпы алғанда екі жылда 100 мың оқушы орнына арналған мектептер салынады.

Жыл сайын елордалық мектептерде оқушылар саны 20 мыңға артып келеді.

УЕФА аясындағы Чемпиондар Лигасының бірінші іріктеу кезеңінде елордалық «Астана» командасы Тбилиси төрінде «Динамо» клубын тізе бүктірді.

### КЕЛЕСІ ҚАРСЫЛАС – «ДИНАМО»

Қарымта ойында астаналықтар камбэк жасады. Алаң иелері 22-минутта есеп ашқанымен, екінші таймның 50 және 51-минуттарында Абзал Бейсебеков пен Дарбо қатарынан екі гол соқты. Осылайша екі ойынның қорытындысында (бірінші ойын 1:1) «Астана» келесі кезеңге шықты.

Ал келесі қарсыласымыз Хорватияның чемпионы «Динамо» (Загреб) болады. Бірінші ойын 25 шілдеде Загребте өтсе, қарымта ойын «Астана Арена» алаңында 2 тамызда өтеді.



«Жаһандық орнықты даму мәселесі бойынша мемлекеттеріміздің халықаралық аренадағы көзқарастары – ортақ немесе жақын. Жалпы, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі мақсаттары да бір. Тарихи байланыстар, ортақ рухани құндылықтар, достық пен бауырластық – қарым-қатынасымыздың берік негізі екені сөзсіз. Қазақстан бүгінгі кездесуге ерекше мән береді. Шығанақ елдерінің саяси ықпалы, экономикалық және инвестициялық әлеуеті зор. Олар – көптеген негізгі бағыттар бойынша біздің ең маңызды серіктесіміз. Орталық Азия мемлекеттерінің ішкі аймақтық ынтымақтастығын жандандырып, өңірдің жаһандық маңыздылығын күшейту қажет деп санаймыз. Бұл көпжақты ықпалдастықты тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Осы іске «Орталық Азия +» диалог форматы елеулі үлес қосатыны сөзсіз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуеті мен Шығанақ елдерінің орасан зор мүмкіндігі көпжақты серіктестікті биік белеске шығара алатынына сенім білдіріп, осы диалог форматындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарына қатысты өз пікірін ортаға салды.

– Ең алдымен, сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту маңызды. Соңғы жылдары біздің аймақтық ынтымақтастық кеңеске мүше елдермен сауда-саттығы қарқынды дами бастады. Мұны ерекше атап өткен жөн. Бірақ көрсеткіштер біздің әлеуетіміздің толық пайдаланылмай отырғанын көрсетеді. Тауар айналымын айтарлықтай арттыру үшін бізде барлық мүмкіндік бар. Ол үшін өзара сауда номенклатурасын ұлғайту қажет. Мысалы, Қазақстан қысқа мерзімде құны шамамен 400 миллион доллар болатын 100 түрлі тауар экспорттауға дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Президент инвестициялық ынтымақтастықты жандандыру мәселесін екінші басым бағыт ретінде атады. UNCTAD баяндамасына сәйкес, бытыр Орталық Азияға тартылған таза инвестиция 40 пайызға артып, 10 миллиард долларды құрады. Оның 60 пайызы Қазақстанға тиесілі. «Тәуелсіздік жылдары Шығанақ елдері Қазақстан экономикасына 3,6 миллиард долларға жуық қаржы салды. Сондықтан біз инвестициялық байланыстарды одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Осыған орай экономиканы артараптандыруға бағытталған ауқымды реформалар жүргізілуде. Шетелдік капитал үшін барынша қолайлы жағдай жасап жатырмыз. Жуырда Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасында Іскерлік кеңес құрылды. Ол екі елдің сауда және инвестициялық әлеуетін арттыруға арналған маңызды алаң болмақ. Біз Кеңеске мүше мемлекеттердің барлығымен осындай ынтымақтастық орнатуға дайынбыз. Серіктестерімізді «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін белсенді пайдалануға шақырамыз» деді Президент.



## ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ ТЕРЕҢДЕТУДІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесінің» бірінші саммитіне қатысты. Президент өз сөзінде Орталық Азия мен Шығанақтағы араб мемлекеттері басшыларының бүгінгі кездесуі, ең алдымен, уақыт талабы және көпжақты ынтымақтастықты мүлде жаңа деңгейге көтеру жолында өзара түсіністік бар екенін көрсететініне назар аударды. Оның айтуынша, біздің елдеріміз екіжақты форматта берік әрі үйлесімді мемлекетаралық қатынас орнатты. Сенімді әрі белсенді саяси диалог, сауда-экономикалық ынтымақтастық дамып, мәдени-гуманитарлық байланыстар тұрақты түрде нығайып келеді.

Мемлекет басшысының пікірінше, көлік-транзит саласын дамыту маңызды. Қазіргі таңда мемлекеттеріміз көлік бағыттары артаптандыру үшін белсенді шаралар қабылдап жатыр. Түрлі инфрақұрылымдық және логистикалық жобалар қолға алынууда. Атап айтқанда, Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік дәлізін одан әрі дамытуға баса мән береді. «Біз бұл бағыт арқылы жүк тасымалын дәйекті түрде ұлғайтуға ниеттіміз. 2030 жылға қарай жыл сайын 500 мың контейнерге дейін жүк жеткізуді жоспарлап отырмыз. Бұдан бөлек, Қазақстан «Солтүстік – Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізін дамыту шараларын қабылдауда» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент энергетика саласындағы ынтымақтастықты нығайтуды келесі басым бағыт ретінде атап өтті. Орталық Азия мемлекеттерінің аумағында 30 миллиард тоннадан астам барланған мұнай қоры және 20 триллион текше метрден астам газ қоры бар. Бұл аймақтың мұнай мен газ көлемі жағынан әлемде Араб түбегінен кейін екінші орында екенін көрсетеді.

«Қазақстан ОПЕК+ келісімінің қатысушысы ретінде осы ұйымға мүше елдермен ынтымақтастықты жоғары бағалайды. Біз жан-жақты қарым-қатынасты тереңдету тусіне дайынбыз. Елімізде энергия ресурстарын тасымалдау бағыттарын артараптандыру үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Сонымен бірге Қазақстан өндіруші жаңа қуат көздерін дамытуға және жаңғыртуға

баса мән береді. Геологиялық барлау және өндіру ісіне озық тәжірибе мен технологияны енгізуге айрықша көңіл бөледі. Сондай-ақ заманауи мұнай-химия өнеркәсібін өркендетуге басымдық береді. Қазақстан Шығанақ елдерінің ірі энергетикалық компанияларымен тығыз қарым-қатынас жасауға дайын. Әсіресе, «жасыл энергетика» саласында бірлесіп жұмыс істеуге ниетті. Мысалы, Саудияның «ACWA Power», Әмірліктердің «Masdar» және Қатар компаниялары жобаларының келешегі зор. Жуырда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының кеңесі өтті. Сол жиында мен Қазақстанда Халықаралық энергетикалық форум өткізуді ұсындым. Ынтымақтастық кеңесіне мүше елдердің мұнай мен газ экспорттайтын кәсіпорындарын осы іс-шараға қатысуға шақырамыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты мәселеге арнайы тоқталды. Сондай-ақ Қазақстан Араб елдеріне ауыл шаруашылығы тауарларын экспорттау көлемін ұлғайтып, олардың құрылымын артараптандыруға мүдделі екенін айтты. «Еліміз – әлемде бидай мен ұн өндіретін ең ірі мемлекеттің бірі. Араб әріптестеріміздің «органик» және «халал» өнімдерін өндіру, өңдеу және сертификаттау тәжірибесі мен мүмкіндігі мол. Сондықтан оларға сұраныс жоғары. Осы орайда стандарттарды, техникалық реттеу және сертификаттау жүйесін үйлестіру маңызды. Бұл бағыттағы жұмысты жалғастыру

қажет деп санаймыз. Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ислам ұйымының әлеуетін пайдаланып, бұл міндеттерді тиімді іске асыра аламыз. Ұйымның қазіргі Төрағасы ретінде белсенді жұмыс жүргізіп жатқаны үшін Қатар басшылығына шынайы ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ оның қызметін жандандыруға Сауд Арабиясының зор үлес қосқанын айрықша атап өткім келеді. Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтып, осы саладағы ынтымақтастықты дамыту үшін Ауыл шаруашылығы министрлерінің кездесу тегінін құруды ұсынамын» деді Президент.

Бұдан бөлек, Президент аймақаралық туризмді дамытуды ынтымақтастықтың келесі басым бағыты ретінде атады. «Орталық Азияның туристік әлеуеті зор. Мұны тиімді пайдалану қажет. Сондай-ақ туризм индустриясы – аймақ экономикасының тез дамып келе жатқан саласының бірі. Осыған орай туризмнің мәдени-танымдық, экологиялық, спорттық, сауықтыру және іскерлік салаларын бірлесіп дамытуға дайынбыз. Бұл туристік бағытты ілгерілетуге ықпал етеді. Бүгінде Қазақстан Ынтымақтастық кеңесіне мүше елдеріміз мемлекет үшін визасыз режим енгізді. Сонымен қатар сіздердің астаналарыңызбен тікелей әуе қатынастарын жолға қойды» деді Мемлекет басшысы.

Президент сөзінің соңында ұсынылған бастамалар Қазақстанның өзара орнықты даму мен өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған ынтымақтастықты нығайтуға деген ұмтылысын растайтынын

жеткізді. «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастығы кеңесі» бірінші саммитінің қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясының Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман Әл Саудпен кездесті. Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының Тақ мұрагері, Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа ілтипат білдіре отырып, «Орталық Азия + Шығанақтағы араб мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесі» атты мемлекеттер басшыларының бірінші саммитіне қатысуға шақырғаны және қонақжайлық көрсеткені үшін алғыс айтты. Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Қазақстанның ислам және араб әлеміндегі негізгі стратегиялық серіктесі екенін атап өтті. Кездесу барысында сауда-экономика, инвестиция, энергетика, «жасыл» энергетика, туризм, ауыл шаруашылығы және көлік-логистика салаларындағы ынтымақтастық мәселелері қарастырылды.

Өз кезегінде Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман бен Әбделазиз Әл Сауд Қазақстан Сауд Арабиясының Орталық Азия аймағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі екенін атап өтті. Оның айтуынша, сауда-экономикалық және инвестициялық байланыстарды одан әрі дамытып, нығайту үшін мол әлеует бар. Сондай-ақ ол екіжақты қатынастарды жаңа деңгейге көтеру үшін күш салуға ниетті екенін жеткізді.

## МӘЖІЛІСТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановты қабылдады. Мемлекет басшысына Парламенттің төменгі палатасының VIII шақырылымының I сессиясы аясындағы қызметі туралы мәлімет берілді.

Сессия басталғаннан бері Мәжілістің қарауында болған 82 заң жобасының 20-на депутаттар бастамашылық жасады. Олардың ішінде Заңсыз иемденілген активтерді қайтару, онлайн-платформалар және онлайн-жарнама, Семей ядролық қауіпсіздік аймағы, сұйытылған газ айналымы, электрлі самокаттардың қозғалысын реттеу туралы және басқа да заңдар бар.

Мәжіліс спикері конституциялық реформаның қорытындысы бойынша Палатаның жұмыс форматына енгізілген өзгерістер жөнінде айтты. Мәжілістің 6 партиялық фракциядан, сондай-ақ бір мандатты депутаттардан жасақталуы заң шығару жұмысының ашықтығын арттырып, сайлаушылармен кері байланысты күшейтті. Олар Үкімет мүшелеріне жолдаған депутаттық сауалдарында азаматтардың өзекті мәселелерін көбірек көтере бастады. Өткен сессия барысында алғаш рет жылумен қамтамасыз ету саласындағы басқаруға қатысты Жоғары аудиторлық палатаның есебі тыңдалды және аталған салада кешенді проблемалар бар екені анықталды.


Депутаттар қоғамдағы, соның ішінде өңірлерге жасаған сапарлары кезінде жинақтаған проблемалар бойынша жауапты министрліктер басшылығының алдына бірқатар нақты мәселе қойды. Жылу электр орталықтары және жылумен қамтамасыз ету желілерін жаңғыртуға ерекше назар аударылды. Қазіргі таңда мәжілісмендер өңірлерде халықпен кездесулер өткізіп жатыр. Сапар барысында Мәжілістің келесі сессиясында қаралатын Су, Бюджет, Салық және Қала құрылысы кодекстерінің жобалары бойынша талқылаулар ұйымдастырылып, ұсыныстар жинақталды.

Сонымен қатар Ерлан Қошанов парламенттік дипломатия аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысы туралы айтты. Сессия басталғаннан бері Әзербайжан, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Түркия, Өзбекстан парламенттерінің басшыларымен және басқа да елдердің заң шығарушы органдарының өкілдерімен кездесулер өткізілген.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

**Telegram-ның негізін қалаушы Павел Дуров мессенджерде сторис форматының пайда болғанын жариялады.**

Жаңа функциясы бар жаңартуды AppStore және Google Play арқылы жүктеп алуға болады. Жаңартудан кейін «хабарлама жазу» белгішесінің жанында батырма пайда болады. Бұл мүмкіндік тек премиум жазылымы бар пайдаланушылар үшін қолжетімді.



**Ұлыбританияның оңтүстігінде мигранттарға арналған үй пайда болды.**

Үлкендігі футбол алаңындай, биіктігі үш қабатты үйге тең баспанаға әлемнің түпкір-түпкірінен келген 500 адам қоныстанады.

Ұлыбритания үкіметінің жоспарына сәйкес, бұл босқындарға баспана беру жүйесіне түсетін салмақты жеңілдетеді. Мұнда 500 мигрант орналасады.



**Ғалымдар NASA спутниктік суреттерін мұхит көк түстен жасылға өзгеріп жатқанын байқады.**

Құбылыстың нақты себебі белгісіз. Ғалымдардың айтуынша, бұл климаттық дағдарысқа байланысты болуы мүмкін.

Спутниктік деректер соңғы 20 жылда мұхит бетінің 56 пайызы көк түстен жасылға өзгергенін көрсетеді. Түсін өзгерткен су бетінің аумағы құрлықтың ауданынан екені айтылды. Әсіресе өзгерістер экваторға жақын тропикалық аймақтарда байқалады.

## 4 МЫҢ ҮЛЕСКЕР ПӘТЕР КІЛТІН АЛАДЫ

Астана әкімі Жеңіс Қасымбек құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аралады. 9 тұрғын үйдің үлескерлерімен кездескен қала басшысы құрылысты аяқтау бойынша ауқымды жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын, әрбір үй бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары жасалғанын мәлім етті.



«Қаладағы құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аралауды әрі қарай да жалғастырамыз. «Қорғалжын кварталы», «Мирный дом», «Араби 2 – Гранитный 2», «Зере-2», «Арыстан», «Future Home», «Садовые кварталы», «Территория комфорта-1 2-кезек» тұрғын үй кешендерінің үлескерлерімен кездестім. Үлескерлермен бірге құрылыс барысын бақылауда ұстаймыз. Құрылысы ұзаққа созылған ғимараттардың жағдайы әртүрлі. Бір жерінде үйдің тек жақтауы ғана бар болса, енді бір тұсында тек қазаншұңқыры ғана қазылған. Мәселен «Арыстан» тұрғын үй кешенінің құрылысы 11 жыл бұрын басталған. Ал нысанды өткізу кезінде тек 20-30%-ы

ғана дайын еді. «Садовые кварталы» тұрғын үй кешені 8 жыл бұрын проблемалық деп танылса, нысанды өткізу кезінде іргетасы ғана болатын. Мыңдаған үлескер отбасы баспанасын күтіп

жүр. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау бойынша ауқымды, жүйелі жұмыс жүргізіп жатырмыз. Әр үй бойынша қадамдық

іс-шаралар жоспары бар» деп жазды Жеңіс Қасымбек әлеуметтік желідегі парақшасында.

Әкім биыл құрылысы ұзаққа созылған 30 тұрғын үй кешенін аяқтау жоспарланғанын жеткізді. «Бұл – шамамен 4 мың үлескер отбасы. Олардың бір бөлігін аяқтадық. Үлескерлер кездесулерде абаттандыру, инженерлік желілер салу және тағы басқа мәселелерді көтереді. Біз өз тарапымыздан мердігерлерге барынша көмек көрсетеміз. Дегенмен олардың үлескерлерді жалған уәдемен үміттендіруіне жол бермейміз. Біздің міндетіміз – ұзаққа созылған құрылыстарды аяқтау және үлескерлерге пәтер кілтін тапсыру» деді Ж.Қасымбек.



## МЫҢ БАЛА АСТАНАДА ҚЫДЫРЫП ЖҮР

Жаздың басында Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен бас қаланың 25 жылдығын мерекелеу аясында «Астана – менің Отанымның елордасы» әлеуметтік туры басталған еді. Бұл сапар өңірлердегі балаларды Астанамен таныстыру әрі жазғы демалыстарын әсерлі өткізу үшін ұйымдастырылды.

Жоба шеңберінде аймақтардағы 1000 бала бас шаһардың көрікті жерлерін тамашалайды. Олардың қатарында аз қамтылған және көпбалалы отбасылардың балалары мен түрлі сайыстардың жеңімпаздары бар. Балалар 3 күндік жолдама арқылы Астананың

тарихи-мәдени нысандарын аралайды.

Осы уақытқа дейін елордаға 600-ден астам бала келді. Олар түрлі ойын-сауық бағдарламаларына қатысты. «Астана-Бәйтерек» монументі, «Нұр-Әлем» болашақ мұражайы, Тұңғыш Президентінің мұражайы,

Ұлттық музей, «Атамекен: Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенін, бас қаланың жаңа мешіті сияқты астананың көрнекті нысандарын тамашалайды. «Океанариумда», қаланың саябақтарында болып, Қазақстандағы ең үлкен айналма дөңгелекте оты-

рып, қаланы зау биіктен көрді.

Балалардың саяхатын Астана қаласының әкімдігі толықтай қаржыландырған. Жатын орнымен және үш мезгіл тамақпен қамтып, қала ішінде арнайы автобуспен жүруге мүмкіндік жасады.



**Tesla компаниясы мамыр айында күн энергиясынан қуат алатын көлікті сынақтан өткізді.**

Powerwall аккумуляторы толық зарядталған кезде жүйе электр көліктерін күн энергиясынан қуаттайтын болады. Корпорация электр қуатын үнемдейтінін айтады. Алайда бұл функцияны кез келген адам пайдалана алмайды. Ол үшін көлікте Powerwall жүйесі болуы керек. Жоба авторларының сөзінше, АҚШ-та жылына Tesla электрөкілігін зарядтауға орта есеппен 615 доллар шығындалады.



**«Интер Майами» футбол командасының ойыншысы Лионель Мессі өзінің дипфейк нұсқасын PepsiCo компаниясына пайдалануға рұқсат берді.**

Енді Мессидің цифрлық көшірмесі Lay's чиптерін жарнамалауға пайдаланылады. Дипфейк – жасанды медиаконтент (аудио, сурет немесе видео) жасау технологиясы. Бұл технология арқылы «Лионель Мессиді» қолданып жеке бейнероликтер жасап, оны ағылшын, испан, португал және түрік тілдерінде де сөйлете алады.

Астанада жасыл белдеудегі көшеттер саны артып, кәріз тазарту құрылысы салынады. Осы бағыттағы жұмыстарды сапалы жүргізу үшін Үкімет басшысының бірінші орынбасары Роман Скляр, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев қаламен шекаралас аумақты әуеден бақылады.

## ЕЛОРДА МАҢЫ – ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ

Тікұшақпен аралау барысында Майбалық көлінің, Преображенск су торабының және тағы басқасының көлемі нақтыланды.

Жаңа ауыз су стансасының (3-ССС) пайдалануға берілуін және су тұтыну көлемінің көбейгені ескеріле отырып, қалаға су бұру көлемі артты. Тазарту құрылыстарының (1-КТҚ) қуаты жеткіліксіз, сондықтан осы жылдың күзінде екінші кәріз тазарту құрылысы (2-КТҚ) басталады. Бұл ғимараттың қуаты тәулігіне 200 мың текше метр болады.

Аралау барысында «Астана-Көгалдандыру құрылысы» ЖШС-ге қарасты баққа барды. Оның ауданы 350 гектарға жуық, әртүрлі ағаш түрлерінің көшеті өсіріледі. Тәлімбақ жыл сайын 30 мың дана көшет бере

алады. 2025 жылдан бастап ағаш тұқымдарының 100 мың көшетіне, тамыр жүйесі жабық 45 мың бұтаға және тамыр жүйесі ашық 300 мың бұтаға дейін көбейтіледі деп жоспарланып отыр.

Жыл сайын жасыл белдеудегі көшеттер саны артып келеді. Мысалы, биылдың өзінде тек жасыл белдеуде 500 мыңға жуық жасыл желек (ағаштар, бұталар және т.б.) отырғызу жоспарланды. Қаланың өзінде осы көлемде жасыл желек отырғызылды.

Елорданың жасыл белдеуінің жалпы ауданы – 15 мың гектар. Онда 11,5 млн астам ағаш пен 2 миллион бұта өседі. Негізінен жапырақты ағаш түрлеріне басымдық беріледі.



## ИНВАТАКСИ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Астана қаласының әкімдігі бірлесіп «Яндекс Go. Инватакси» қанатқақты жобасын іске қосты.

Мақсат – өз бетінше жүріп тұру қиын мүгедектігі бар жандарға көмек көрсету. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының бөлім басшысы Айнұр Әубәкірованың сөзінше, жоба 10 шілдеде іске қосылды. Бүгінде такси қызметін 22 астаналық қолдануда.

– Пилоттық жоба әзірге 2 айға жоспарланып отыр. Егер оң нәтиже көрсетсе, уақыты ұзартылады. Жобаны іске асыруға мемлекеттік бюджеттен 2 миллион теңге бөлінді. Инватаксиді қолдану үшін «Астана қалалық мүгедек балалар қоғамдық бірлестігінде» тіркелуі керек. Ерекше жаннан жеке куәлігі, мүгедектігін растайтын анықтама және дәрігердің қорытындысы (№026/у) талап етіледі, – деді А.Әубәкірова.

Инватакси 5 бағытта жүреді. Оның екеуі балаларға арналады.

Келесі үш бағыт бойынша, алдымен мүгедек арбасын қолданатын жасы 18-ге толған азаматтар, көру қабілеті нашар жандар және арба қолданбайтын, бірақ мүгедектігі бар жандарға арналады.

Бір адам күніне 2 рет инватакси шақыру мүмкіндігіне ие. Такси қызметі бойынша аптаның жеті күні де қолдана алады. Тағы бір айта кететін жайт, инватакси тек қала ішінде ғана қызмет көрсетеді.

Инватаксиге жұмысқа арнайы рұқсаты бар қызметшілер алынады. Қауіпсіздікке қатысты тағы бір жайт, егер қолданушы бірге жүретін адам керек десе, қасындағы кісі такси қызметін тегін пайдаланады. Кейде ерекше қажеттілігі бар жандардың жеке көмекшісі немесе мекеме атынан тағайындалған әлеуметтік жұмысшы болуы мүмкін.

## ЖАҢА АЯЛДАМА – «НҮРДӘУЛЕТ»

Елдегі ірі мегаполиске айналған Астана қаласында қоғамдық көлік қатынасына сұраныс жоғары. Біріншіден, автобуспен қатынау қауіпсіз, екіншіден, көздеген жерге тез жетуге мүмкіндік жасалған. Осы себепті қоғамдық көліктер қатынасы туралы жаңалықтармен бөлісуді жөн көрдік.

21 шілдеден бастап елордада №29 және №29А бағдарларында жаңа аялдама қосылды. Айнакөл көшесімен М.Жұмабаев даңғылы бағытындағы қозғалыс сызбасына «Нұрдәулет» қонақ үйі аялдамасы болады.

21-23 шілде аралығында А.Иманов көшесінен Кенесары көшесіне дейінгі

учаскедегі Ш.Уәлиханов көшесі жабылады. Осыған байланысты көлік қозғалысы толығымен шектеледі.

Астанада жол жөндеу жұмысы аяқталғанға дейін 9 қоғамдық көліктің қозғалыс сызбасы уақытша өзгереді. Бұлар №1, 4, 4А, 24, 24Н, 33, 48, 70, 71 бағдарларының қозғалысына байланысты.

## ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ



## ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР САЛАСЫН ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары төтенше жағдайлар қызметіне қарасты бірнеше құрылыс нысанына барып, сапасын көріп, мәселесін білді.



Кейінгі жылдары табиғи және техногендік апаттың көбею тенденциясы байқалып отыр. Құрғақшылық жылдары өрт тіпті өршіп кетеді. Биыл орман-тоғайларды өрт шарпып, қаншама гектар табиғи байлықтан айырылып қалды. Тұрғын үй секторында да жиі-жиі өрт шығады. Қазір өрттің алдын алу және дер кезінде сөндіру маңызды іске айналды. Ал қыс айларында қалың қар түссе, көктем мезгілінде қарғын судан сақтану мәселесі туындайды. Қысқасы, төтенше жағдайлар құрылымы қысы-жазы кез келген оқиға жағдайға сақдай сай тұруы керек.

Бұл міндетті сапалы атқаруда саланың материалдық-техникалық базасы мен ғимараттарын талапқа сай ету маңызды. Бәрінен бұрын, салаға кәсіби мамандарды даярлау және тарту міндеті

тұр. Жақында ашылған «Жас құтқарушы» оқу орталығы осы бағыттағы тындырымды істің бірі ғана. Жыл аяғына дейін Көктал және Үркер аумағындағы өрт сөндіру депосының құрылысы аяқталады. Бұл құрылыс нысандарының мәселесі жоқ емес. Халық қалаулылары сол үшін атқа қонып, құрылыс нысандарына арнайы барды.

Делегацияны мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов бастаса, бұл қатарда депутат Азамат Айтхожин, Асқар Смағұлов, Ғабит Тәжімұратов, Алтыншаш Табулдина, Баһаркүл Төлегенқызы және Төтенше жағдайлар департаментінің басшылық құрамы болды.

– Қалада барлығы 11 өрт сөндіру бөлімі мен авиациялық құтқару жасағы бар. Бөлім құрылымында 1700-ден астам адам қызмет етеді, 160-тан астам

арнайы техника бар. Елорда халқының төрттен бірі 16 елді мекенде тұратын болса, солардың ішіндегі халқының саны және аумағы жағынан Көктал ірі елді мекен саналады. Бір жағы қаланың іргесінде орналасқан. Яғни Сарыарқа және соған іргелес аудандарда өрт болған жағдайда Көкталдағы бөлімшені қосымша күш ретінде жұмылдыруға болады, – деді Астана қаласы ТЖД бастығының міндетін атқарушы Дамир Ермағамбетов.

Расында 3 мың гектар аумақта 36 мыңнан аса халық тұрады. 3 мектеп және колледж, 15 балабақша және мәдени-спорттық кешендер орналасқан елді мекенге өрт сөндіру депосы сұранып тұр. Дегенмен құрылыс нысанында мәселелер туындауда. 2021 жылы құрылысы басталған нысанды газға қосу қарастырылмаған-ды. Депутаттар осы мәселені назарға алып, құрылыстың жүргізілуі барысымен танысты.

Көкталдағы өрт сөндіру депосы 4 шығуға арналған және жанында пәтер үлгісінде қызметкерлерге арналған қызметтік жатақхана салынууда. Мұндағы жұмыстың 65 пайызы аяқталды. Яғни ғимараттың қабырғасы тұрғызылып, шатырдың металл құрылымын салу жұмыстары басталды. Ал Үркердегі өрт сөндіру депосы 2 шығуға арналған. Мұнда су және су тарту жұмысы жүргізіліп, кәріз құбырына қосылды. Қабырғасы тұрғызылды. Алайда былайғы жұмыстары тоқтал тұр. Депутаттар осының мән-жайын білді.

Мердігер компания – «Альтаир-СК 7» бас инженері Әбдірахман Пайзиевтің сөзінше, құрылыс материалдары қымбаттап кетті. Сол себепті құрылыс шығыны қайта есептелуде. Құжаттандыруды Ішкі аудит басқармасы қарауда. Қыркүйек айында құрылыс жұмыстарын қайта бастау жоспарлануда екен.



## АУДАН АУЛАЛАРЫН АРАЛАДЫ

Елордалық мәслихат депутаттары Байқоңыр ауданында абаттандырылған аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді аралады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөнінде кеңесте елордалықтар серуендейтін және демалатын орындарды көбейтуді тапсырған-ды.

– Ресейдің Қазан қаласының тәжірибесін зерттеп көруге болады. Бұл қаланың көшелері, саябақтары және жағалау алаңдары өте әдемі және тартымды. Біздің мақсат – Астананы жылдың кез келген мезгілінде тұрғындармен қонақтарға барынша қолайлы ету, қаланың келбетін мейлінше жақсарту, – деген еді Президент.

Бүгінде қалалық кеңістікті жаңғырту және абаттандыру жұмыстары қарқын алды. Халық қалаулылары осы бағыттағы жұмыстарды көзбен көріп, мәселелерді талқылау үшін жолға шықты.

Байқоңыр ауданы әкімінің орынбасары Досхан Тұяқпаев жол бастап, атқарылған жұмыстармен таныстырды. Олар алдымен Ақбұлақ өзенінің бойындағы демалыс орнына

тоқтады. Жаңа келбетке ие болған скверде демалушы адамдардың қарасы қалың. Ақын Жамбыл Жабаевтың ескерткішінен бастау алған кеңістік «Алатау» спорт кешеніне дейін созылып жатыр. Бұл жер қала тұрғындары мен қонақтарына барынша қолайлы етіп жабдықталған екен.

– Биыл Байқоңыр ауданында 25 аула, 7 қоғамдық кеңістік ашылады. 11 ауланы абаттандыру жұмысы аяқталды. Қазір 4 ауладағы жұмыс қарқын алып, тамыз айына пайдалануға беріледі. Ал 10 аула аумағы 15 қыркүйекке дейін аяқталатын болады. Қоғамдық кеңістіктердің 6-уы абаттандырылды. Бұдан бөлек, бірқатар аулада ағымдағы жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүруде, – деді Д.Тұяқпаев.

«Ақбұлақ» өзенінің жағалауындағы абаттандыру жұмысы мұнымен шектелмейді. Абылай хан даңғылынан Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылына дейінгі

аралықты да қамтиды. Бұл аумақта Л.Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеттің оқу корпусы мен студенттер үйі орналасқандықтан адамдар жиі серуендеп жүреді. Салауатты өмір салтын ұстанған азаматтар жүгіреді, әрі спорт алаңдарында жаттығу жасайды. Сенбі, жексенбі күндері студент жастар жағалаудағы сахнада мәдени-көпшілік іс-шараларды өткізіп, ән орындап жатады. Сондықтан жағалау көрікті әрі таза болғаны дұрыс.

Әрі қарай, жаяу аралау – «Журналистер» аллеясы. Депутаттар Кенесары көшесі №73, №77 мекенжайындағы жаяу жүргіншілер кеңістігі мен бірқатар аула алаңдарын көрді.

Шынында, бас қалада саябақтар, скверлер, жаяу адамға арналған көшелер, ойын алаңдары және тағы басқа қоғамдық кеңістіктер өркен жайып, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалуда. Депутаттармен аралау барысында осыған көз жеткізе түстік.

Дайындаған **Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

## КӨКТАЛДЫҚТАР КҮКІРТСУТЕКТЕН ҚҰТЫЛА МА?

«Көктал-1» тұрғын алабының тұрғындары көптен бері елді мекенде күкіртсутек шығарындыларының белгіленген шамадан асып, ауаға таралу мәселесін көтеріп келе жатыр. Жақында Астана қаласы мәслихатының депутаттары Бауыржан Смайылов пен Табиғат Зейнулқабден, Сарыарқа ауданының әкімі Бауыржан Ералы, «Қазгидромет» кәсіпорны мен СЭС өкілдері көкталдықтармен кездесіп, осы мәселені талқылады.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Табиғат Зейнулқабден «Астана су арнасы» кәсіпорнының бас директоры қызметін атқарады. Ол елді мекенде қосымша сүзгілерді орнатуға уәде берді. Сондай-ақ Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп-лицей маңайында күкіртсутек шығарындыларының ауаға таралуын азайтатын корпус салынатын болды. Кездесуде қала бюджетінен сүзгілерді тұрақты

ауыстырып отыруға қаражат бөлу мәселесі көтерілді.

«Мен бұл мәселені ерекше бақылауға аламын. Бірақ маған бұл жағдайда қаланың Отын-энергетикалық кешені және коммунальдық шаруашылық басқармасының ұстанымы түсініксіз. Басқарманың бірде-бір өкілі кездесуге қатысқан жоқ. Осы бағдарламалардың әкімшілері ретінде бұл кездесуге қатысуға міндетті еді» деді Бауыржан Смайылов.



Оның айтуынша, өткен көктемде көкталдықтармен тиісті мәселе бойынша кездесу ұйым-

дастырылып, оған Денсаулық сақтау министрінің орынбасары бас мемлекеттік санитарлық

дәрігер Айжан Есмағамбетова, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау мамандары, Астана қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Сархат Бейсенова шақырылды.

«Бұл мәселе тұрғын алап тұрғындары үшін өте өзекті. Күкіртсутек шығарындыларының шамадан көп болуы салдарынан адамдардың тынысы тарылады. Олардың денсаулығы, әсіресе, егде жастағы адамдар мен балалар зиян шегеді. Сондықтан бұл мәселені мүмкіндігінше тезірек шешу қажет» деді Бауыржан Смайылов.

Сонымен қатар депутатқа «Көктал-1» тұрғын алабының Жаңа қоныс және Талапкер көшелерінің тұрғындары көріз мәселесін шешуді өтінді. «Бұл осы көшелердің тұрғындары үшін өте маңызды мәселе. Ол менің сайлауалды бағдарламамда бар. Сондықтан мен бұл мәселені ерекше бақылауда ұстаймын» деді Бауыржан Смайылов.

Елді мекендегі Титов көшесінде құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Бұл қатарда аумақты абаттандыру аясында

жаяу жүргіншілер жолы төселіп жатыр. Алайда тұрғындар жаяу жүргіншілер жолының өте тар екенін жеткізді. Ал Ардагерлер көшесі аулаларындағы ойын алаңдары жаңартуды қажет етеді. Сонымен қатар ағаштарды кесу және түптерін қоспыту туралы мәселелер де бар.

Бауыржан Смайылов әріптесі, қалалық мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдинамен бірге «Көктал-2» тұрғын алабындағы «Үй жанындағы дәрігер» жобасы аясында жұмыс істеп жатқан емханаға да барды. Мұнда көптеген адамға қызмет көрсетіледі екен. Осыған байланысты дәрігерлік бөлмелердің жетіспеушілігі туындады.

«Көктал-2» тұрғындары депутаттарға қоғамдық көлік қатынасы туралы да сұрақтарды қойды. Әсіресе, қаланың сол жағалауына қатынайтын бағдарлардың аздығын айтты.

«Бұл мәселе қазір пысықталып жатыр. Қалаға 400 жаңа автобустың келуіне байланысты «Көктал-2»-ні сол жағалаумен байланыстыратын №49 бағдар ашылады» деді Бауыржан Смайылов.



# ИНФЛЯЦИЯ ҚАЙТСЕ ТЕЖЕЛЕДІ?

Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

## ҚАРЖЫНЫ ҚАЛАЙ САҚТАУҒА БОЛАДЫ?

Расы керек, еліміздегі инфляцияның деңгейі қаржы сарапшыларын алаңдатып отыр. Бағаның күн санап өсуі, қарапайым халықтың тұтыну мүмкіндіктерін төмендеті бастады. Расы керек, қазір көпшілік өндірістік тауарларды айтпағанның өзінде азық-түліктің өзін шектеп алатын дәрежеге жеткенін жасыруға болмайды. Осының бәрі қазақстандықтарды алдағы уақытта депозиттегі салымының сақталу жай-күйі қалай болады деген мәселе төңірегінде де ойлантып отыр.

Қазір ақшаның құнсыздануы дүние жүзінде байқалып отыр. Соның ішінде Қазақстанда бұрын-соңды болмаған дәрежеге жеткенін сарапшылар жасырып жатқан жоқ. Енді осы қиындықтан шығу жолдары қандай?

Оның ең бір тиімді мүмкіндігі – ақша қаражатын инвестициялау дегенді айтады қаржыгерлер. «Ақшаны шұлыққа тығып, сейфке сақтағанмен, ол құнсыздана түседі. Одан да депозиттерге салып, бағалы қағаздар күйінде ұстаса, жылжымайтын мүлік алуға жұмсаса, ең болмаса алтын, інжу сияқты бағалы тастарға айналдырса, анағұрлым тиімді болатынын айтады білетіндер. Бұл енді ұсыныс қана. Ал шын мәнінде, қолындағы ақшасын кім, қалай пайдаланғысы келеді, енді ол өз шаруасы.

Дегенмен, қаржыгер Айтөре Әйтұмұлының айтуынша, кейінгі кезде жұртшылықтың қолдарындағы қаржысын жаппай депозитке салу үдерісі байқалады екен. «Депозит айтарлықтай пайда әкелмегенімен, жыл сайын өршіп бара жатқан инфляциядан қорғауға аз да болса септігі тиетіні сөзсіз. Сондықтан бұл дұрыс деп санаймын. Мәселен, 2021 жылдың тамызынан бері елімізде депозиттердің пайыздық мөлшерлемесі анағұрлым көтерілді. Осыған орай екінші деңгейлі банктердің сыйақы мөлшері 2023 жылдың сәуір айында жеке тұлғалар үшін 13,9 пайыз болды. Ал бұл кезде елдегі ақшаның құнсыздануы 16,8 пайыз деп белгіленген еді. Тап бір пайдаға кенеліп қалмағанымен, бұл – салымшылардың қаржы-қаражаттарын құнсыздандырмай сол күйі сақтап қалуға болатын бірден-бір қадам.

Ал бағалы қағаздар нарығындағы инвестицияға келетін болсақ, бұл жерде әр адам өзі жеке-дара таңдау жасады. Бұған компанияның инвестициялық

Астана қаласында маусым айының басында көкөніс бағасы өсті. Атап айтқанда, қызанақ 2,3%-ға, пияз 4,3 %-ға, картоп 3 %-ға, қырыққабат 2,1 %-ға, сәбіз 1 %-ға қымбаттаған. Бұл енді көз көріп, құлақ үйренген жағдай. Еліміздің Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті азық-түлік бағасын тежеу мәселесі бойынша кеңес өткізді. Бірақ одан шығып жатқан нәтиже мардымсыз.

портфелі арқылы да қатысып жүргендер бар. Бағалы қағаздар нарығына өз беттерінше әуестік танытатын азаматтардың қаржылық сауаттылығы мықты болуы шарт. Қаржы нарығындағы жағдайды бүге-шігесіне дейін түсініп, терең зерттемей, бұл саладан пайда тапмау деу өте асығыстық болады.

Қазір көптеген тұрғын басқарушы компаниялардың қызметін пайдаланып жүр. Клиенттері үшін барлық операцияларды өздері жүргізігенімен, қызметі де кез келген адамның қолы жете берместей көтеріңкі болып келеді. Рас, олар салымшылардың қаражатын мүмкіндігінше тез әрі сауатты инвестициялауға көмектеседі, тек клиент өзінің қаржы нарығындағы қаража-

пәтерлер құны 84,2 пайызға дейін өсіп кеткен екен.

Қаржылық сауаты жоғары адамға бұл жинақ ақшасын сақтап, көбейтудің әрі инфляциядан қорғандық ең бір таптырмас жолы болар еді» деді қаржыгер.

## ҚАТАҢ ЕСЕП КЕРЕК

Астана қаласында Ұлттық банктің ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелеріне қатысты өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияда бағаның шарықтауына, ақшаның құнсыздануына байланысты мамандар өз пікірлерін ортаға салды. «Бізге кәсіпкерлер де, әлеуетті бизнес өкілдері де нарық заңын жете зерттемейді. «Шығарған өнімиміздің көп болуы, сапалы болуы керек» деп ұрандатып алады да тауар мен бағаның арасындағы өзара байланысты жан-жақты түсініп, сараптамайды. Содан келіп, бәсекеге қабілеттілік төмендейді» дейді экономист-қаржыгер Олжас Құдайбергелі.

– Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің зерттеулері бойынша, кәсіпорындар саны мен шығарылған тауарлардың бағалау мөлшері арасында мүлде есеп жүргізілмейді екен. Нарық деңгейі қандай, баға қандай? Қатаң есеп жоқ. Мәселен, көкөніс пен сиыр еті бізде төмен шоғырланған нарыққа жатады. Сондықтан мұнда қосылатын үстеме өзіндік құнының 7%-нан аспауы керек. Ал жұмыртқа, сүт, нан, қырыққабат пен ұнның – нарықта көтеріңкі бағамен сатылуы – кейінгі кезде «табиғи факторлар» деп саналып жүр. Өйткені «түпкі өндірішіден сағып алу бағасы жоғары болып келеді» деген уәж айтылуда. Сондықтан күнбағыс майы мен тауық еті, қант, қарақұмық кейінгі кезде 25 %-ға дейін қымбаттап кетті. Мамандардың пікірінше, жоғары шоғырланған нарықта бұл өнімдер саудагерлер арасында өзара келісіммен саудаланатын көрінеді. Айталық, елімізде қант тек төрт кәсіпорында ғана өндіріледі де, оны саудаға 14 мекеме таратады екен. Сондықтан оның

үстеме бағасы 53%-ға дейін өсіп кететін көрінеді.

Қазақстандағы күшті инфляцияның тағы бір себебі – ішкі өндірістің дамымауы. Ел үкіметі қазақстандық шикізатты халық кеңінен тұтынатындай етіп өңдеуге жағдай жасай алмай отыр. Оның есесіне нарықты азық-түліктен бастап, құрылыс материалы мен құрал-жабдықтарға дейін жаппай импорт тауарлар жаулап алды. Әрі оларға көтеріңкі баға қойылатыны да жасырын емес.

Егер сауда айналымына көз жүгіртсек, бізде импорт – 46,7 млрд доллар, ал экспорт 27,1 млрд долларды құрайтынын байқаймыз. Әрі біз бұл импортты доллар, еуро, юань, рубль сияқты шетел валютасына сатып аламыз ғой. Бұл да – теңгенің құнсыздануына алып баратын бірден-бір себеп, – деді экономист.

## ТІЗГІН – ҰЛТТЫҚ БАНКТЕ

Ақшаның құнсыздануына себеп көп. Соның бірі – Ресей экономикасының құлдырауы. Қалай десек те, құдай қосқан көршіміз орыс еліндегі жағдай бізге әсер етпей қоймайды. Жылдар бойы тамырланып байланысқан алыс-беріс, сауда-саттық барлық саладағы ішкі қарым-қатынастар әлі жалғасып келеді. Сондықтан бұл мемлекетті тұншықтырып жатқан санкциялар пакетінен бөлек, алып-қашпа әңгімелер мен инвесторлар сенімінің жоғалуы үлкен қиындық келтіріп отыр. Бір жылдың ішінде рубль 67 пайызға құнсызданыпты. Бұл біздің экономикамызға да айтарлықтай зиянын тигізуде.

Енді осы тығырықтан шығар жол бар ма? Сарапшы мамандар ол үшін Ұлттық банк өз қолындағы қузыретті толық пайдалану керек дегенді айтады. Екінші сөзбен айтқанда, «өндірісті ұлғайтамыз, нарықты тауармен, қызметпен толықтырамыз» деген желеумен екінші деңгейлі банктерге мөлшерлемесі жоғары ақша беруді үзілді-кесілді тоқтату керек. Сосын кредиттік белсенділікті азайту, коммерциялық банктердің бас банктегі қаржы-қаражатын шектеу немесе оны бағалы қағаздарын сату арқылы жүзеге асыру мәселесін қолға алу қажет.

Міне, осындай көшелі-көшелі ұсыныстарды жүзеге асыратын болса, ел үкіметі мен Ұлттық банк ең болмаса инфляцияның қарқынын тоқтатар еді. Ең бастысы, барлық себеп-салдарды анықтап, оның күш беруші тетіктерін ауыздықтаса, ел экономикасына көп кешікпей қан жүгіруі әбден мүмкін дегенді айтады сарапшы-мамандар.

## ОТБАСЫ АГЕНТТІГІ КЕРЕК

Қазіргі кезде қоғамда отбасы, әйелдер және балалар мен жастарға қатысты көптеген проблемалар орын алуда. Атап айтсақ, біріншіден, елде өршіп тұрған мәселенің бірі – ажырасу. Статистикалық деректерге зерттеулер жүргізетін халықаралық World Population Review сайтының мәліметіне сәйкес, Қазақстан – ажырасу көрсеткіші бойынша әлемдік рейтингте екінші орында.

Ұлттық статистика бюросының ақпаратына сүйенсек, 2022 жылы 140 256 неке қиылса, 48 239 ажырасу тіркелген.

Екіншіден, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Құқықтық статистика бойынша 2022 жылы Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер бойынша 25 172 адам, Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру бойынша 17 403 адам, ұрып-соғу бойынша 9658 адам әкімшілік құқықбұзушылық жауапкершілікке тартылса, 938 қылмыстық құқықбұзушылық

туындау фактісі бойынша жүргізіледі, ал мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек отбасын сақтауға және нығайтуға бағытталуы керек.

Қазіргі уақытта елімізде отбасы, балалар мен жастар саясатымен өз қузыреті шегінде бірнеше мемлекеттік органдар айналысады. Айталық, отбасы мен жастар мәселелерімен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті, балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті, сондай-ақ кейбір мәселелермен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау,

**ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ 2022 ЖЫЛЫ ӨЗІРЛЕГЕН ЦИФРЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ МӘЛІМЕТІ БОЙЫНША ЕЛДЕ 5,9 МЛН ОТБАСЫ ТІРКЕЛГЕН, ОНЫҢ ІШІНДЕ 1,2 МЛН ОТБАСЫ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЫНДА ЖӘНЕ ТҰРМЫСЫ ҚОЛАЙСЫЗ, ҚИЫН ЖАҒДАЙДАҒЫ ОТБАСЫ САНЫ – 6983, ОНДАҒЫ БАЛА САНЫ 12 МЫҢҒА ЖУЫҚ. 2022 ЖЫЛЫ 140 256 НЕКЕ ҚИЫЛСА, 48 239 АЖЫРАСУ ТІРКЕЛГЕН**

деректері тіркелген. Бұл – көңіл алаңдатарлық жайт. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандары, негізінен, әйелдер мен балалар. Соңғы кезде отбасында ата-аналарының өз балаларын ұрып-соғу, өлтіру, зорлау, сексуалдық сипаттағы зорлық көрсету жағдайлары жиілеп барады.

Үшіншіден, қоғамның әлеуметтік-психологиялық проблемасына айналған азаматтар арасындағы суицид мәселесі бар. Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы зерттеу орталығының мәліметі бойынша Қазақстанда 2022 жылы 3700 суицид деректері тіркелген болса, осы жылдың қаңтар-ақпан айларында 526 адам өзіне-өзі қол жұмсаған фактісі тіркелді. Суицид жасап қайтыс болғандар ішінде 18 бен 29 жас аралығындағы жастардың үлесі 17,3%-ды құрады.

Отбасы институттарын нығайту, жастар мен балаларға қатысты Үкімет деңгейінде қабылданып жатқан мемлекеттік бағдарламаларға қарамастан арты қайғылы жағдайларға ұласатын жағымсыз статистика азаяр емес. Сонымен бірге, отбасымен жұмыс негізінен өмірлік қиын жағдайдың

Ішкі істер, Әділет министрліктері айналысады. Бұл ретте Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде Қазақстан бойынша отбасы мәселелеріне қатысты құрамында 4 штат бірлігі бар тек 1 басқарма жұмыс жүргізетінін атап өткен жөн. Көріп отырғаныңыздай, аталған мәселелермен айналысатын және осы салада саясат жүргізетін бірыңғай орган жоқ.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, көптеген елдерде отбасы мәселесімен жекелеген мемлекеттік органдар айналысады. Мысалы, Өзбекстан Республикасында Махалаяны және отбасы қорғау министрлігі, Туркияда Отбасы істері және әлеуметтік қорғау министрлігі, АҚШ-та Отбасы және балалар істері жөніндегі агенттігі, Малайзияда Әйелдер, отбасы істері және қоғамдық даму министрлігі бар. Жоғарыда айтылғандардың негізінде, осы сала бойынша жұмыс істейтін министрліктердің функцияларын біріктіріп, жаңа институционалдық негіз – Отбасы, әйелдер, балалар мен жастар істері жөніндегі агенттік құруды ұсынамыз.

Нұрғұл ТАУ,  
Мәжіліс депутаты

№86 (4519) 22/07/2023 Сенбі

– Қайнар Қалиақпарұлы, тіл тазалығы майданындағы аз адамның қатарында жүрсіз. Журналистерге арналған семинар-тренингте «Журналистикадағы тіл тазалығы үшін күресетін соңғы буын өкілдері біздер» деп атап өттіңіз. Шынында солай ма?

– Шынында да солай. Тіл ешкімге керек болмай барады. Ең үлкен дәлелім – қазіргі жас журналистердің «Айту керек» дегенді «Айту керек-піз», «Баруым керек-ті» «Бару керек-піз» деп айтып, жазып жүргені. Бұл дұрыс емес. Бұған журналистер назар аудармайды, оларға керекті – әулекі, желөкпе тақырыптар, бірақ соның өзін жеріне жеткізіп, майын тамызып жаза алмайды. Тілдің өзінің нормалары бар, журналистер сол талаптарды сақтамайды. Журналистің өзі тілдік норманы сақтама-са, тіл тазалығы үшін қалай күреседі?! Мысалы, бақша өсіріп отырған ақсақал барынша сол бақшасын бәрінен күзетеді, сол секілді осы ана тіліміздің арқасында пайда таппасақ та, жалақы алдық, өмір бақи наным жедік, сол кәсіптің құлағын ұстадық, біздің бақшамыз сияқты және оны осы күнге дейін күзетіп келеміз. Бақшаны ақсақал арамшөптерден қалай қорғаса, біз де өз бақшамызды, яғни журналистиканы солай қорғағанымыз жөн. Ал қазіргілер өз бақшаларында арамшөпті өздері өсіріп отыр. Сондықтан, тіл тазалығы үшін күресетін соңғы буын өкілдері біздер болып қаламыз, өте өкінішті, бізден кейінгі, қазіргі 25-30-дағы журналистерге таза тіл керек жоқ сияқты.

– Қазіргі заманауи журналистиканың басты қателігі неде?

– Журналистика сан тарау, журналистикадағы әр адам әртүрлі, бір топқа қосуға болмайды. Айтаққа еретін журналистер – бір топ, мемлекеттік саясатты жазатын әріптестер – бір топ, сол сияқты бейтарап, анда-санда ғана қалам тербейтін салмақты дүниелер жазатын қаламдастар бар. Үш топ бар: мемлекеттік топтағылар – «Егемен Қазақстан», «Айқын», «Астана ақшамы», газеттерінің немесе «Хабар» агенттігі, «Қазақстан» телеарнасының бағыты белгілі, ауа жайылып кетушілік жоқ, мемлекеттің саясаты туралы жазады. Мысалы, Қайрат Нұрғастың концерті жайында жазғанымен, оның не ішіп, не тұтынатыны туралы айта қоймайды, ал екінші топқа концерт туралы қызықты емес, оларға өңірің не киіп, не тұтынатыны қатты қызықты. Ал үшінші топқа Қайрат Нұрғастың мүлде керекі жоқ. Олардың қатарында Қали Сәрсенбай немесе Әмірхан Меңдеке болуы мүмкін, оларды алаңдататыны басқа, оны олар егжей-тегжейлі сараптап жазуы мүмкін. Осы топтардың қателіктері бар: бірінші топтың қателігі сонда – өздері көріп-біліп отырған нәрсені айта алмай, жаза алмайтындығында. Екінші топтың қателігі – оларды халықтың әлеуметтік жағдайы алаңдатпайтыны, оларға әр нәрсенің басын шалып жүрген ұнайды. Үшінші топ күнделікті болып жатқан оқиғаға үн қоспайды, өте ауыр қозғалады. Журналистикада осындай үш топ бар, қателіктерін де санамалап өттім.

– Барлық кемшілік көп оқымаудан, өзіне дейінгілерді сараптамаудан шығатын секілді. Жас қа-

Қайнар ОЛЖАЙ:

## ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ САҚТАЛМАЙ БАРАДЫ

Қазақ журналистикасының қара қазанында қайнап, ұлт мәселесін қаузап, қаламын ұштаған, кешегі Сейдахмет Бердіқұлов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбай секілді мықты бас сарапшылардың шекпенінен шыққан Қайнар Олжай ағамыз жуырда редакциямызға келіп, бар білгенін, жиған-тергенін бөлісті. Сауатсыз сөйлемдер, қате мәтіндер, шұбалаңқы ойлар туралы нақты мысалдарын көрсетті. «Ұлт ұпайы» айдарының бүгінгі қонағы – танымал журналист, Президент грантының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қайнар Олжай.



лам иелеріне кімдерді, нені оқуды ұсынар едіңіз?

– Оқымаған адам өспейді. Біріншіден, өзіңнің қандай деңгейде екендігіңді сезіну үшін басқаларды міндетті түрде оқу керек. Кәсіби деңгейіңді, қаншалықты жаза алатыныңды анықтау үшін міндетті түрде өзгелерді оқу керек. Екіншіден, оқу арқылы жас журналистердің стилі қалыптасады. Оралхан Бөкейдің жазуы бір басқа, Қабдеш Жұмаділовтің жазуы бір басқа. Екеуі бір-біріне ұқсамайды. Студент кезде бір жатақханада, бір бөлмеде жатқан Әбіш Кекілбаев пен Мұхтар Мағауиннің стилі екі басқа. Осылардың бәрін оқи келе өзгелерді тану арқылы жазу стилің қалыптасады. Үшіншіден, білімің болмаса, алдыңғы қатардағы журналист болып ақпаратты дәл жеткізе алмайсың.

– Оперативті болу арқылы сауатты жазу күнделікті ағымда мүмкін бе, тақырыпты қалай тауып қоясыз, жазатын мәселелерді қалай іріктеп, таңдайсыз?

– Екі нәрсе бар: журналист белгілі бір бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істегенде басшылықтың берген тапсырмасын уақытында орындауы тиіс. Біздің олқы жеріміз де осы – берілген тапсырманы орында-

немесе мына тақырып маған ұнамайды» деп шалқаяды. Мұндай адам журналист бола алмайды. Басшының тапсырмасы орындалуы керек, оның үстіне сен осы арқылы кәсібіңе адал екендігіңді дәлелдейсің. Одан өзге өзіңе ұнайтын, анда-санда жүрегіңді жарып шыққан тақырыпты зерттеп, мақала жазуың керек. Бұл – журналистиканы өнер ретінде, өзіңнің жетілген журналист екендігіңді танытатын қадам. Басшының тапсырмасы мен көкейіңдегіні жазып, екі жақты иығыңдағы шелекті тең ұстап тұруың керек. Күнделікті ағымға ілесе отырып, бәрін оқып, ізденіп, сауатты болған дұрыс. Үш сөйлемнен тұратын заметка жазсаң да, үш бет материал жазсаң да бәрі сауатты жазылуы тиіс.

Тақырыпты үнемі тауып қою керек. Оны кешегі семинар-тренингте журналистерге айттым. Тақырып тартымды болса, оқырман мақаланы міндетті түрде оқып шығатыны сөзсіз. Мақалада жасырылған дүниеге тауып қойылған тақырып тартып тұруы керек.

– Журналист мамандығын таңдамағанда кім болар едіңіз, сүйікті ісіңіз не?

– Мен журналист болмасам, жақсы етікші болар едім. Етікші жамау, тігу, өкшесін қағудан алдыма жан салмаймын. Зейнетке шыққанын ойлағанымыз, бұрынғы КСК, қазіргі ОСИ-ге барып, көпқабатты ауланың аула сыпырушысы, тазалықшы болсам дегенім. Бірақ, оған жете алмай жүрмін. Себебі БАҚ-тан семинар өткізуге, сценарий жазуға тапсырыс берсе, кейбір баспа-ларға кітапты редакциялауды ұсынып, медиа саласында әріптестеріме жиі семинар өткізіп, қолым тимей жүр (күлімсіреп жауап қатты – ред.Г.С.).

– Журналистер халықтың сөзін сөйлейді, бірақ журналистердің құқын кім қорғайды, заң жағынан неге үнемі кешеуілдеп жүреміз?

– «Масс-медиа туралы» Заң дайындалуда. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұсынған Заң жобасы Парламенттің Әлеуметтік-мәдени даму комитетіндегі жұмыс тобында талқылану үстінде. Заң шикілеу, дүмбілездеу жазылған. Онда журналистердің құқын қорғау көрініс таппаған, қайта заңда белгілі бір деңгейде шектеулер бар секілді. Сондықтан, журналистер заңның өздерінің құқығын қорғайтындай болуына белсенділік таныту керек. Мәжілісте журналистиканың қазанында қайнаған

кәсіби мамандар бар. Сол депутаттар заңның пәрмені журналистердің құқығын ғана емес, әлеуметтік тұрғыда қорғалуын талап етіп, құқық нормаларын қайта жазуды ұсынып отырғанын естідім. Егер Үкімет белден баспаса, дұрыс заң шығатынына үміттенемін.

– Жаныңызға қай тақырып жақын, мәдениет пе, ақпарат па? Журналистер белгілі бір салаға мамандану керек дегенге көзқарасыңыз қандай? Барлық тақырыпта да шедевр дүниелер жазатын мықты журналист деп кімдерді атап едіңіз?

– Маған ең ұнайтын тақырып – ғарыш. Осы тақырыпта көптеген мақала жаздым. «Құйрықты жұлдыз» – комета (Күн жүйесінің кіші денесі) туралы жазған алғашқы мақаламнан бастап, Ай, Күн туралы, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров туралы бірнеше мақалам бар. Ғарыштан соң маған ұнайтын тақырып – экология. Осы тақырыптарды жақсы көріп жазамын.

Мықты журналист деп Қали Сәрсенбайды, Әмірхан Меңдеке мен Сәкен Сыбанбайды айтар едім. Қали руханиятты, Әмірхан қазіргі қоғам туралы, Сәкен спортты ерекше жазады. Бірақ, өкінішке қарай, мұндай журналистер бізде саусақпен санарлықтай ғана.

– Елімізде Журфактардың көбейгені маманға деген сұраныстың ұлғайғанын білдіре ме, әлде тек диплом алушы жастардың санын көбейту ме? Сапалы кадрды қалай даярлауға болады?

– Журфактарды көбейтпеу керек. Әр өңір өз аймағының сөйлейтін тілінде журналист даярлайтын болғаны – ортақ әдеби нормалардың сақталмауына алып келеді, тіл бұзылады, кадр да сапасыз болады. Сол үшін Журфакты тек Астанадағы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Алматыдағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің базасында қалдырып, қалғанын жапқан дұрыс деп ойлаймын. Үш университеттегі журналистика факультеттерінің оқу бағдарламалары бірдей болуы керек.

– Соңғы оқыған кітабыңыз қандай, мақала жазбаған кезіңіз болды ма?

– Қарымды қаламгер, м а р қ ұ м Д и д а х м е т Әшімханұлының жаңадан

“

Бақшаны ақсақал арамшөптерден қалай қорғаса, біз де өз бақшамызды, яғни журналистиканы солай қорғағанымыз жөн. Ал қазіргілер өз бақшаларында арамшөпті өздері өсіріп отыр. Сондықтан, тіл тазалығы үшін күресетін соңғы буын өкілдері біздер болып қаламыз, өте өкінішті, бізден кейінгі, қазіргі 25-30-дағы журналистерге таза тіл керек жоқ сияқты

басылып шыққан шығармаларын қайта оқып шықтым. Тарихшы Самат Өтениязовтың жұртты дүр сілкіндірген дүниесі – «Атилланы» оқыдым. Әйелім Қабдеш Жұмаділовтің кітаптарын қайта қолға алып, оқып жүр. Мақала жазбаған кезім өте аз, ол көбіне менің бау-бақша жұмысында болған кезде, тағы басқа шаруалар шыққанда болмаса, барлық уақытта да қолымнан қалам түскен емес. Зейнетке шығар алдында «Информ-бюро.kz» сайтына 200-дей мақала жаздым. Қазір де «kaz365.kz» сайтынан тапсырыс алып, жазып жатырмын. Жалпы, мемлекеттік органда, баспасөз қызметтерінде ешқашан жұмыс істеген емеспін. Маған меморгандардан жақсы жалғасымын жұмысқа шақырғандар болды, бірақ, бас тарттым. Таза журналистік кәсібімді жалғастыра бердім. Шығармашылық мен үшін маңызды, журналистикадағы жұмысымыз сонау 1981 жылдан бері жалғастырып келеміз. Ешқандай кеңеске, партияға мүше емеспін, жұрттың бәрі қол қоятын ұжымдық Үндеулерге де ешқашан қол қойған емеспін. Принципім сондай. Белгілі бір саяси көзқарасты ұстанбаймын, меморган туралы болсын, қоғамдық ұйым жайлы болса да мақаланы объективті түрде беруге тырысамын. Өз көзқарасымыз мақалаларым арқылы жазамын, жеткіземін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Ресми дерек бойынша биылдың өзінде 900-ден аса фейк ақпарат тараған екен. Ал анықталмай қалғаны қаншама дерсіз. Адамды адастырып, жолдан жаңылдыратын жалған ақпараттың таралу қарқыны да үдеп келеді.

## ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАЗАҒА ЖЕТКІЗЕДІ

Көп уақытымыз әлеуметтік желіде өтетіндіктен, ағын судай тасыған ақпарат легіне төтеп бере алмай, қанша сауатты болсақ та кейде ақиқат пен алыпқашпа әңгіменің аражігін ажырата алмай, шындыққа жанаспайтын өтірікке сеніп қалатынымыз рас.

Мәселен, WhatsApp желісіндегі 40 күндік аптап ыстық туралы тараған хабарламаларға дүйім жұрттың сенгені сөзсіз. «Әлемде дәл 40 күн бойы ауа температура-сы Цельси шкаласы бойынша 50 градусқа дейін көтеріледі. Мұндай ауытқушылықтар әр 60 жыл сайын қайталанып отырады екен. Ыстықта үйден шықпай отырыңыздар!». Шілденің шіліңгір ыстығында дәл осындай ақпаратқа сенбеске де амал жоқ, ақпараттың шынайылығына көз жеткізбек түгілі, оның жалған екені жадымызға да кіріп шықпайды. Осындай ақпаратқа тосқауыл қою мақсатында Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі құрған Stopfake.kz сайты жұмысын сәтті жүргізіп отыр.

Ал енді осы әлеуметтік желілер арқылы тарайтын жалған ақпаратты қалай ажыратуға болады? Шынайы ақпаратта ресми органдар немесе сенімді ақпарат көздеріне сілтеме беріледі. Ең бастысы, уақыты мен мекенжайы көрсетілуі керек. Әсіресе, апатты және төтенше жағдайлар, саяси оқиғалар кезінде әлеуметтік желілерде жалған хабарламалар көптеп тарайды. Негізі, еліміздің заңнамасына сәйкес, фейк ақпарат таратқандар жазаланады. Көп адам мұндай әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын бейхабар. Негізінде, жалған ақпарат тарату 2015 жылы жаңа Қылмыстық кодексі қабылданғаннан кейін қылмыс түрінде (274-бапқа сәйкес) қарастырыла бастады.

Иә, мына қазіргі ақпарат майданында әлеуметтік желі белсенділері көбейіп кетті. Өздері жедел қимылдайды. Қоғамда орын алған мәселелерді көрсетіп, ел-жұрттың назарын өздеріне аударады. Алайда олар барлық жағдайда жан-жақты, дұрыс ақпарат немесе талдау жасап береді дей алмаймыз. Түрлі аккаунт ашып, айналасындағы адамдар жайлы жағымсыз пікірлер тарататындар да жетерлік. Тіпті, әлеуметтік желілерде ине көзінен өтетін алаяқтар да табылады. Бірі жұмыс тауып берем десе, екіншісі оңай ақшаға қарық болсаң деп алдайды. Осынау ақпаратты тұтынушылардың көбі мәліметтің рас-өтірігін ажырата алмайды. «Алтын көрсе періште жолдан таяды» дегендей осыған сенетіндер, батпан құйрыққа елітетіндер көп. Көп жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарына адамдар шындықты іздеп жүгінеді. Ал олар өз кезегінде бұқараға ақпараттың нақтылығын, шынайылығын анықтап беруі керек. Қоғам тілшілерге қарап ой түзеп, сөзін саптауға тырысады. Шындық шырлдап жетем дегенше, өтірік біраз жерді жайпап үлгеретіні даусыз. Әр адам кез келген көлденең көк аттының сөзіне ере бермей, жалған ақпараттың жарға жығатынын ұмытпаған жөн.

Сымбат БЕГІМБАЕВА,  
журналист

Сұхбаттасқан Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

## «ҚАЗАҚ ТІЛІ» ҚОҒАМЫ: ЖАҢА БАСШЫ, ЖАҢА МІНДЕТТЕР

Кеше Астанада Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының кезектен тыс құрылтайы өтті. Құрылтайға қоғамдық бірлестіктің төралқа және орталық кеңес мүшелері, Қазақстанның барлық аймағындағы делегаттар мен елге танымал тіл жанашырлары, тілші ғалымдар мен қоғам қайраткерлері қатысты. Жиында Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының жаңа президенті сайланып, ұйымның алдағы жұмыс жоспары талқыланды.



Офлайн және онлайн форматында өткен құрылтайда ұйым президенті, Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының өткен кезеңдегі қызметі туралы баяндама жасады. Ол 2021 жылдың 26 қарашасында Түркістанда өткен қоғамның VI құрылтайында ұйым басшысы болып сайланды.

— Бір жарым жыл бұрын жұмысымызды бастағанда тек тілге ғана емес, жалпы руханият мәселелеріне көбірек көңіл бөлсек деген мақсат қойдық. Ұйымдастыру жұмыстарына көп уақыт кетті. Өңірлердегі филиалдарды қайтадан жаңғыртып, аудандарда қайтадан құрып, қаражат мәселесін шешу бойынша біраз жұмыс атқардық. Қазір қоғамның 135 филиалы құрылып, бас кеңсесі Астана қаласына көшірілді, — деді Берік Әбдіғалиұлы.

Оның айтуынша, 2021 жылдың қарашасынан 2022 жылдың басына дейін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Сол жылдың 10 қаңтарында ұйымның жоспары мен бағдарламасы бекітілді. Бірақ «Қаңтар оқиғасы» жоспарды толыққанды іске асыруға кедергі келтірді. Дегенмен, қоғамның Астана қалалық филиалының бастамасымен «Қазақ тілі мен мәдениеті» форумы өткізілді. 1986 жылғы қасіретті оқиғаларға байланысты «Желтоқсан» деп аталатын кітап жарық көрді. «Алтын қыран» компаниясының де-меушілігімен музыка сүйер ортада танымал «Spotify» қызметінің қолданба мәзірі мен интерфейсі қазақ тіліне аударылды. Қазақтілді тұтынушылардың қызмет

алу құқығын қорғау мақсатында «Көрнекі» жобасы іске қосылды. Жоба кәсіпкерлік нысандардың тілге қатысты заңнаманы қатаң сақтауына ықпал етіп жатыр. Бұған қоса, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының ұйымдастыруымен «Народные востания в Казахстане в 1920-1930-е годы. Монография в документах» кітабы баспаға дайындалды.

Берік Әбдіғалиұлы өзінің мемлекеттік қызметке ауысуына байланысты қоғамдық бірлестік басшылығына Bilim Media Group компаниясының басшысы, «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қорының директоры Рауан Кенжеханұлының кандидатурасын ұсынды.

Кандидатты таныстыру барысында оның бастамасымен интернеттегі қазақ тіліндегі мазмұнды дамыту және оған қолжетімділікті арттыруға бағытталған бірқатар жоба жүзеге асқаны айтылды. Атап айтқанда, 2011 жылы құрылған «WikiBilim» қоғамдық қоры «Қазақша Wikipedia» жобасын іске асырды. Екі жылдық жұмыс нәтижесінде Уикипедиядағы қазақша мақала саны 7 мыңнан 200 мыңға дейін артты. Қазір қазақ тіліндегі Уикипедия бөлімі айына 14-15 миллион рет қаралады. Ал 2014 жылы Рауан Кенжеханұлының ұйымдастыруымен қазақ тілі Google Translate жүйесіне қосылды. Сондай-ақ қазақ тіліндегі кітап қорын, соның ішінде көркем және ғылыми әдебиетті цифрлы форматқа өткізуге бағытталған «KITAP» — Қазақстанның ашық кітапханасы, студенттерге арналған OPEN\_U — «Қазақстанның ашық университеті» сынды

ауқымды жобалар жүзеге асырылды.

2017-2021 жылдары Рауан Кенжеханұлы басқарған «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында әлемнің ең үздік 100 оқулығын қазақ тіліне аударып таратты. Сонымен қатар қазіргі қазақ әдебиетінің антологиясы БҰҰ-ның 6 тіліне, Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағы әлемнің 10 тіліне аударылып, әлемнің 100-ден аса еліне тарады. 500 мың сөз бен сөз тіркесінен тұратын OXFORD QAZAQ Dictionary (Оксфорд қазақ) сөздігі жасалды.

Құрылтай делегаттарының ашық дауыс беруімен бірауыздан Рауан Кенжеханұлы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті болып сайланып, ұйымның бұрынғы басшысына құрмет көрсетілді. Сондай-ақ қоғамның орталық кеңесі мен басқарма құрамы жаңартылып, толықтырылды. Атап айтқанда, орталық кеңес және басқарма құрамына Цифрлы даму және аэроғарыш өнеркәсібінің министрі Бағдат Мусин, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Дихан Қамзабекұлы, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов, кәсіпкер-меценат, TAS Group компаниясының басшысы Дулат Тастекеев кірді.

Жаңадан сайланған қоғам президенті білім беру саласындағы қазақ тілін оқыту сапасы, оқу сауаттылығын көтеру, қазақ тілінің кәсіпкерліктегі, ақпараттық технологиялардағы қолданыс аясын кеңейту, көпшілікке, соның ішінде балаларға қажетті қазақ тілді мазмұнды арттыру, тілді үйренуге және біліктілігін жетілдіруге ниетті ортаға арналған көпшілік жобалар, қазақ тіліндегі мазмұнды цифрлы форматқа көшіру мәселелеріне ерекше ден қоя отырып, қоғам мүшелерімен бірге жұмыс істейтінін айтты. Аталған міндеттерді іске асыруға қажетті ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық және ақпараттық шаралар мен жобалар кешені дайындалатын болды.

Осы шілде айында белгілі композитор, Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қайраткері Ахмедия Есмұхановтың дүниеден озғанына үш жыл болды. Өмірінің соңғы кезеңдері Астана қаласында тұрып, Президент оркестрінде еңбек еткен өнер иесінің артында халықтың жүрегінен орын алған әндері қалды. Биыл туғанына 70 жыл толуына орай туындыларының бірінің атауын алған «Тамшылар» атты ән жинағы жарық көрді. Өзі туған Жезқазған қаласында еске алу кеші де өтті. Сондай кешті Астанада да ұйымдастыру керек деп есептейміз.

## АХМЕДИЯНЫҢ ӘН ӘЛЕМІ

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары жезді өлкеде құрылған «Қаракөз» ансамблі әу бастан-ақ өнер әлемін дүр сілкіндірді. Топтың басында майталман композитор-музыканттар Жақсыгелді Сейілов пен Болат Есмұханов тұрды. Ансамбль орындайтын әндер де негізінен, осы топ мүшелері жазған туындылардан құралды. Жақсыгелді мен туған ағасы Болатты ұстаз тұтқан Ахмедия да бұл топтың құрамында болып, шығармашылығын шыңдады. Кейіннен музыкада өз жолын тауып, қайталанбас қолтаңбасын қалыптастырды. Жақсыгелді Сейіловтің рухына «Жалғыз клік» (сөзін жазған — ақын Ғазиз Ештанәев) әнін де арнады.

Көзі тірісінде композитормен аға-інідей араласқан едік. Таныстығымыз осыдан он бір жыл бұрын Астанадан басталды. 2012 жылдың тамыз айының кешінде ақын досым Рахат Әбдірахманов таныстырды.

Алдында екеуі «Келші, жаным» деген ән жазған еді. Бұл әнді жас әншілер Данияр Сағынтаев пен Айым Тұрғынова тамаша орындады. Соның ыстық-суығы басылмаған кез. Танысқаннан кейін аңқылдаған Ахмедия аға «бір қарындасым қонаққа шақырып жатыр, бірге еріп жүріңдер» деп болмай ертіп барды. Сол жерде әнші Айһұр Байнуллиновамен де таныстым. Бұл ән-жыр шалқыған бір тамаша кеш болды. Артынша композиторға «тауада ғана үйлендім» деген едім, жарым екеуімізге қолтаңба жазып беріп, «Есіл ағады» атты дискіні тарту етті. Содан кездескен жерде шүйірлесетін болдық. Танымал әндерінің туу тарихын композитордың өз аузынан естідім. Әрине, соның басында өнердегі «төлқұжаты» «Тамшылар» әні тұр.

«ТАМШЫЛАР» ҚАЛАЙ ТУДЫ?

«Тамшылар» әнінің шығу тегі кітапханадан басталады. Тарқатып айтар болсақ, осыдан жарты ғасырға жуық уақыт бұрын жас Ахмедия махаббат дертіне шалдығанды. Сүйіктісіне деген сағыныштан жаңбырлы түндердің бірінде тілінің ұшына «Түнімен тереземді тамшы ұрды» деген жолдар келеді. Осы жолдың жалғасын таба алмай, әуендетіп жүреді. Бір күні кітапханаға барғанда, қолына ақын Өтеген Күмісбаевтың жыр жинағы ілігеді. Оны парақтап тұрып, «Юность» мейрамханасындағы жаңбырлы түн» атты өлеңге көзі түскенде, қуаныштан «Бриллиантымды таптым» деп айқайлап жібереді. Осы өлең жолдары ыңылдап жүрген әуеніне сәйкес келіп, буын-ырғағы бұзылмай әнге айналды.

«Тамшылар» әні тоқсаныншы



жылдары Медеу Арынбаев, Қыдырәлі Болманов, Ерлан Көкеевтен құралған «АБК» тобының бағын жандырды. Топ дәл осы туындымен жұртқа танылды. Қазақ эстрадасында алғашқы бейнебаяндардың бірі де осы әнге түсірілді. Әсем ән еліміздің шекарасынан асып, болгар, итальян, түрік, қытай тілдерінде де шырқалды.

«ЕСІЛ АҒАДЫ» ЖЕТІ МИНУТТА ЖАЗЫЛДЫ

Ахмедия Есмұханов шығармашылығындағы тағы бір шоқтығы биік туынды — «МузАрт» ансамблінің орындауында елге жеткен «Есіл ағады» әні. Аталмыш ансамбльдің 20 жылдығына арналған концертте бұл әнді «Қоңыр» тобы орындады. Автордың өз орындауында да бірнеше рет естідім. Ахмедия аға осы әнді гитараман айтатын. Былғы қыста осы ән өлеңінің авторы, көрнекті ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбайдың Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада өткен «Қарашығымдағы қара өлең» атты әдеби кешінде «Есіл ағадының» Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның бас директоры Ерлан Дәкенов шырқады. Осы өнер ұжымы әнді композиторды еске алу кешін өткізсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Ал ән тарихына келсек, «Астанаға қызметке арнайы шақыртумен келдім. Сол кезде Астана жайлы Марат Омаров пен Марат Илиясовтың әндері дүрілдеп тұрған. Менің осында келуіме тікелей себепші атпал азамат Бекболат Тілеухан Астана жайлы ән жазу көңіліне ұсыныс айтты. Шыны керек, аттары аталған композиторлармен бәсекеге түсуге тура келді. Содан ұзақ уақыт толғатып жүріп, ақын Ғалым Жайлыбайдың өлеңі қолыма түскен соң, бұл ән жеті-ақ минутта жазылды» деген еді бірде Ахмедия Есмұханов.

Композитордың Астана туралы әндері осы бір ғана туындымен шектелмейді, бас қаламыз жайлы бірнеше шығармасы бар. Соның бірі — ақын Достық Тілеубергенов сөзін жазған «Астана» әні. Бұған қоса, Ахмедия аға ақын Ерғожа Тілепбердиевпен бірге шығармашылық тандем құрып, «Арайлы Астана» әні дүниеге келді.

Ахмедия Есмұхановтың ақындығы да бар еді. Кейбір әндерінің сөзін өзі жазды. Белгілі әнші Қайрат Нұртас «Сен мені түсінбедім» әнін айтып жүр. Ал оның мәтінінің де, әнінің де авторы — Ахмедия ағамыз. Бұл әнді композитор ғашықтық дертіне шалдыққан Мұрат Әлиасқаров атты бауырының өтінішімен жазған екен. Кейіннен Қайрат Нұртас көптеген әндерінің арасынан таңдап алды.

Композитордың «АБК» тобы, кейіннен Рахат Тұрлыханов шытқан «Бір тамшы жас», Медет Шайкеловтің репертуарындағы «Нұрлы бейне», Саят Әбдіғали айтатын, өзгеше өңделген «Еркем», Нұржан Қалжан салатын «Аяусыз тағдыр» әндері де елге танымал. «Түн» атты тамаша туындысы сөзінің авторы — өмірден ерте озған талантты ақын Ерік Асқаров. Бұл ән ақын жарының өтінішімен Ерік ақынды еске алу кешіне орай жазылды. Ахмедия Есмұханов әріптесіміз Төлен Тілеубайдың өлеңдеріне «Сенің бейнен» және «Көктемгі элегия» атты әндерді де жазды.

Жалпы Ахмедия Есмұхановтың мұрасы 200-ден астам әннен тұрады деген деректі оқыдық. Қазақстанның халық әртістері Роза Рымбаева мен Мақпал Жүнісова да оның әндерін шырқайды. Биыл жарық көрген «Тамшылар» атты ән жинағына 48 туындысы нотасы және мәтінмен енген. Композитор өмірден өткенмен, әндерінің мәңгі өмір сүретініне сенімдіміз.

## ЖАСӨСПІРІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ТЕЛЕХИКАЯ



Астанада жақында түсірілімі аяқталған «15-шик» сериалының бірінші сериясының көрсетілімі өтті. Телехикаяны Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен «Q-arts production» продюсерлік орталығы түсірген.

Фильм режиссері Анна Станкевичтің айтуынша, бұл әлеуметтік жоба жасөспірімдерге өтпелі кезеңдегі қиындықтарды жеңуге көмектесуге бағытталған. Ол бұл сериал ата-аналар үшін де қызықты және пайдалы болатынын айтты.

Сериалдың оқиғасы

негізінен, №15 элиталық мектепте өтеді. Бұл білім ошағында Қазақстанға жұмыс бабымен қоныс аударған шетелдіктермен елдегі жоғары лауазым иелерінің балалары оқиды.

Негізгі оқиғалар әрқайсысы кәсіби түрде вокалмен айналысатын төрт дос қыздың

айналасында өрбиді. Қыздар музыкалық топ құру идеясын ойлап, оны «15 жас» деп атайды.

Дегенмен, олар оқитын әйгілі №15 мектепте барлық оқу орындарындағы сияқты дарынды, тәрбиелі балалар ғана емес, бұзықтығымен көзге түскен тіпті қатыгез балалар да білім

алуа. Көшбасшылыққа мектептің «жұлдыздары» арасындағы бәсекелестік өте жоғары. Осыған орай, сатқындық, қызғаныш пен көз жасы сериал бойы басты кейіпкерлерді жетелеп отырады.

Дана  
АМАНГЕЛДІ



# КӨПІР АСТЫНДАҒЫ КЕҢІСТІКТЕР

Елорда – қоғамдық кеңістіктер қаласы. Жыл өткен сайын қала аумағындағы бос жатқан жерлер, саябақтар, гүлзарлар, желекжолдар абаттандырылып келеді. Оның ішінде әсіресе, көпір астындағы кеңістіктер ерекше мән берілуде. Жаз бойы қала жастарының сөйіл құрып, спортпен айналысып, демалатын орнына айналған кеңістіктерді біз де аралап, тамашалап қайттық.

**Индира  
БЕРЖАНОВА**

**А**стана қаласының Урбанистика орталығының бастамасымен 2020 жылдан бастап бас шаһардың көпір асты кеңістіктері көркейе бастап, көпшілік бас қосатын бірегей орынға айналды. Оларды ашуда басымдық қала тұрғындарының ерте жастан спортпен шұғылдануына және бұқаралық спортты дамытуға берілді. Қазіргі таңда қалада мұндай 3 көпір асты кеңістігі бар.

Алғашқысы – Триатлон және Президент саябақтарын біріктірген «Арқар» көпірінің астындағы кеңістік. Сарайшық көшесі бойында орналасқан алаң 5000 шаршы метр аумақты құрайды. Мұнда көпір астында көлеңкелі қалқалар, балалар алаңы, демалуға арналған аймақ және тамақтану орындары бар. Көпір астындағы қабырғалардың бірі отандық боксшы Геннадий Головкин, америкалық баскетболшы Коби Брайанттың муралдарымен безендіріліп, одан бөлек, өзге де айрықша көз тартар граффити-мен бейнеленген. Өнер туындыларын Қазақстанның әр қалаларынан келген дарынды суретшілер салған. Сондай-ақ



жақында ашық бокс алаңы орнатылып, бүгінде бұл жерде былғары қолғап киіп, жаттығып жүрген жасөспірімдерді жиі кездестіруге болады. Бокс алаңының маңында әр жылдардағы отандық Әлем чемпиондарының есімдері жұлдыз тақтайшаларға жазылып, менмұдалап тұр.

Астана қаласының Урбанистика орталығының басшысы Елнар Базыкениң сөзінше, «Арқар» көпірі аумағы

– тек демалатын аймақ ғана емес, шағын бизнес үшін әлеуеті жоғары бірден-бір орын.

«Триатлон және Президент саябақтарының жаяу жүргінші мен велосипед жолы ғана байланыстыратындықтан, бұл орын қоғамдық тамақтану орындарына тамаша жағдай жасайды. Бұл өз кезегінде жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етіп, әлеуметтік белсенділікті арттырады» деді Е.Базыкен.



Ақбұлақ өзені арқылы өтетін автожол көпірі – «Беласар». Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы көпір асты кеңістігін жастардың шағын қалашығы деуге болады. Әсіресе, студенттер кешке жақын жиналып, Есілдің ерке толқындарына сүйсініп, қаланың мың құбыла жарқыраған көріністеріне тамсанып, музыкалық аспаптарын серік етеді. Бұл аймақта жанға сая болар тыныштық

пен думанды тіршілік жарасымдылық тапқан. Кеңістіктің жалпы аумағы 2500 шаршы метрді құрайды. Кәсіби теннисші Зарина Дияс, америкалық баскетболшы Джеймс Леброн, кеңестік қазақ баскетболшы, 1972 жылғы Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұхамедовтің қабырғадағы бейнесі ерекше өң беріп тұр.

Айтқандай, көпір астында жастар көп. Солардың бірі, елордалық тұрғын, әрі жас ана Айжан Жаппасова «Беласарға» балаларымен жиі келетінін айтты.

«Көпір астындағы кеңістіктер қаламызда көп емес. Десе де, осындай бос қалған жерлерді қалалықтар үшін көрікті алаңға айналдырғаны қуантады. Себебі жақын маңда тұрғандықтан, бұл жерге кешке жақын келіп, бір сергіп қаламыз. Соңғы рет аниматорлар балаларға арнап тегін ойын ұйымдастырды. Қыздарым қатысып, жақсы демалып қайтты» деді ол.

Орталық саябақтағы «Атырау» көпірінің астында да қоғамдық кеңістік бар. Скейт-алаңдарда спорттың экстремалды түріне жаны құмар жастар түрлі акробатикалық әрекеттерді орындап, велосипедте, скейтбордта, самокатта әртүрлі жаттығуларды орындай алады. Мұндағы жастардың сөзінше, бұл жер – өзара жарыстар ұйымдастыруға қолайлы орын.

